

Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі-спорттық, ұйымдарының спорт мүлкін берудің бірынғай тәртібі туралы НҰСҚАУ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жастар ісі, Туризм және Спорт Министрлігі 1995 жылғы 28 желтоқсан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 наурыз N 268 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылғы 29 қарашадағы № 02-02-18/220 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 2011.11.29 № 02-02-18/220 (кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Спорт мүлкіне мыналар жатады:

- спортық киім;
- спортық аяқ киім;
- жеке пайдаланатын спорттық керек-жарап.

2. Жастар ісі, Туризм және Спорт Министрлігінің бекітуіне орай спорттық мүліктер тізімі бойынша спорт ұйымдары, дене тәрбиесі оку орындары мен спорт мектептері бөлінген мөлшер көлемінде алады.

3. Спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдер спорту ұйымдары, дене тәрбиесі оку орындары мен спорт мектептері басшыларының шешімімен Қазақстан Республикасы, облыстық, қалалық, аудандық, кәсіподақ және ведомстволар құрама командалары мүшелеріне, студенттер мен оқушыларға, спорт сабабы оқытушыларына, жаттықтыруши-оқытушыларға жеке иеліктеріне тегін және қосымшаға сәйкес құнын ішінara төлеу арқылы беріледі.

Спорттық құрал жабдықтарды беруде спорт ұйымдары, дене тәрбиесі оку орындары мен спорт мектептері басшылары бекіткен тізім негіз болып табылады.

4. Спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдерден, сондай-ақ артық қалған киімдерден түскен қаржылар спорттық заттар алуға, қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалады.

5. Спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдер спорттық жарыстарға тікелей қатысушыларға, студенттерге, спорт жөніндегі оқытушыларға, дене тәрбиесі оку орнының жаттықтыруши-оқытушыларына жеке құжаттарын көрсеткен жағдайда, кәмелеттік жасқа толмағандардың заттары олардың ата-аналарына, немесе соларды аудыстырушиларға беріледі.

6. Спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдерді қайта беру Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі бекітіп, көрсеткен мерзімге сай, пайдалану уақыты біткен сондайғанда беріледі.

7. Спорттық жеке пайдалану құралдары спорт жарыстарына қатысушыларға және жаттығу үшін оқушыларға, студенттерге, спорт оқытушыларына, оқу процесін қамтамасыз ету үшін дene тәрбиесі оқу орындарының жаттықтыруыш-оқытушыларына, спорт мектептері мұғалімдеріне уақытша пайдалануға беріледі.

Спорт құрал-жабдықтары спорттық іс-шараларға қатысушыларға, студенттерге, оқушыларға, спорт оқытушыларына, оқу орындары, спорт мектептері жаттықтыруыш-оқытушыларына сенімхат арқылы беріледі.

8. Жастар ісі, туризм және спорт Министрлігі бекіткен тізім бойынша жеке пайдаланатын спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдер спорт жарыстарына қатысуға дайындалып жүрген спортшыларға, дene тәрбиесі оқу орындары мен спорт мектептері оқушылары мен студенттеріне оқу процесін қамтамасыз ету үшін тегін беріледі.

9. Спорттық іс-шараларға қатысушы құрама команда құрамынан шығып қалған спортшылар, дene тәрбиесі мен спорт мектептеріндегі оқудан шығып қалған студенттер мен оқушылар, дene тәрбиесі немесе спорттық мектептерден жұмыс істеуден шығып қалған жаттықтыруыш-оқытушылар бір ай мерзім ішінде уақытша пайдалануға алған спорт құрал-жабдықтарын тапсыруға тиіс.

Спорт жарыстарына қатысушылар, студенттер, оқушылардың құрама команда құрамынан, дene тәрбиесі оқу орындарынан шығарылған, спорт мұғалімдері мен жаттықтыруыш-оқытушылар дene тәрбиесі және спорт мектептерінен жұмыстан босатылған күннен бастап саналады.

10. Қоймаға қайтарылған спорттық мүліктер жаңа спорт киімдерінен бөлек сақталуы әрі саналуы керек.

11. Спорттық мүліктерді есептеп шығару бухгалтерлік есеп ережелері мен бекітілген тәртіпке сай жүзеге асырылады.

12. Жеке пайдалануға, немесе жартылай құны төленген спорт киімдер, спорттық аяқ киімдер кәсіподақ және ведомстволардың, дene тәрбиесі оқу орындары мен спорт мектептерінің есебінен беріліп жатқан уақытта шығарылады. Қоймаларда спорт киімдерінің жедел есеп карточкалары жүргізіледі.

Уақытша пайдалануға берілген спорт заттары кәсіподақ оқу спорт үйымдары мен ведомство, оқу орындары мен спорт мектептері басшылар бекіткен актілер негізінде есептен шығарылады.

дене-тәрбиесі-спорттық
ұйымдарының спорт мүлкін
берудің бірыңғай тәртібі
туралы ережесіне
қосымша

Спортшыларға, жаттықтыруышыларға, басқа да мамандарға,

оқу орындары мен спорт мектептерінің оқушылары мен
оқытушыларына жеке пайдалануға берілетін спорт және
шерулік киімдер мен аяқ киімдердің ішінara төлеу құн
мөлшерлері

Реттік саны	Ұйымдар	спорт киімдері мен спорттық аяқ киімдердің құнына қарай процент есебінен ішінара төлеу мөлшері
-----------------	---------	--

-
1. Қазақстан Республикасы Жастар ісі,
туризм және спорт министрлігі, облыстық,
қалалық, аудандық жастар ісі, туризм
және спорт басқармалары (комитеттері),
кәсіподақ және ведомстволық спорт
ұйымдары:
 - спортшылар мен жаттықтыруышылар -
құрама командалар мүшелері 50
 - құрама командалар жаттығулармен
қамтамасыз ететін басқа мамандар 50
 - басқа кәсіподақ, ұйымдары мен
ведомстволардың спортшылары және
жаттықтыруышылары 75
 2. Олимпиадалық резервтер училищелері және
жоғары шеберлік спорт мектептері:

- оқушылар	15
- жаттықтырушылар-оқытушылар, спорт мұғалімдері	50
3. Балалар-жастар спорт мектептері, мамандандырылған балалар-жастар олимпиадалық спорт-мектептері:	
- бастауыш дайындық топтары оқушылары	75
- оқу-жаттығу топтары оқушылары	50
- спорттық жетілдіру топтары оқушылары	25
- жоғары спорттық шеберлік топтағы оқушылары	25
- жаттықтырушы-оқытушылар	50
4. Дене тәрбиесі мен спорт оқу орындары (факультеттері)	
- күндізгі бөлімде білім алатын оқушылар, студенттер	35
- оқытушылар	50

Ескерту:

Спорт киімдері мен аяқ киімдері құрама команда мүшелері-спортшыларға жеке пайдалануға мынадай жағдайда беріледі:

- а) жетім балаларға, ата-ана қарауынсыз қалған балаларға, әл-ауқаты нашар отбасы балаларына, әскери қызметтегі қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамына тегін беріледі;
- б) жалпы білім беретін мектеп, кәсіптік-техникалық училище оқушыларына - құнының 15 процент төлеу арқылы;
- в) арнаулы орта оқу орындары және жоғары оқу орындары студенттеріне - құнының 25 процентін төлеу арқылы.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК